

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЦЕНТР ПРОМЫШЛЕННОЙ КООПЕРАЦИИ «ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ» НА ГРАНИЦЕ КАЗАХСТАНА И УЗБЕКИСТАНА СТАНЕТ НЕ ТОЛЬКО ПРИМЕРОМ ЭФФЕКТИВНОГО ПРОМЫШЛЕННОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ, НО И КЛЮЧЕВОЙ ПЛОЩАДКОЙ АКТИВНО РАЗВИВАЮЩЕГОСЯ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО КОРИДОРА СЕВЕР – ЮГ. ДАННЫЙ КОРИДОР ДЛЯ КАЗАХСТАНА ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ КЛЮЧЕВЫХ НАПРАВЛЕНИЙ В РАЗВИТИИ ПЕРЕВОЗОК В НАПРАВЛЕНИИ ИНДИИ – КРУПНЕЙШЕГО В МИРЕ ПОТРЕБИТЕЛЬСКОГО РЫНКА, В ТОМ ЧИСЛЕ ДЛЯ КАЗАХСТАНСКИХ ТОВАРОВ И УСЛУГ, А ТАКЖЕ В НАПРАВЛЕНИИ СТРАН СЕВЕРНОЙ ЕВРОПЫ.

Серик ЖУМАНГАРИН,  
заместитель Премьер-министра – министр торговли и интеграции РК



№102 (2817)  
27/12/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## ДЕСЯТЬ ЛЕТ СПУСТЯ

**10-летний юбилей отметили на станции Алтынколь. Это второй трансграничный международный переход с КНР, который должен был повысить транспортный потенциал Казахстана. Сегодня можно уверенно заявить, что работники станции и заинтересованные структуры с поставленной задачей успешно справляются.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Накануне прошли праздничные мероприятия, приуроченные к первой значимой дате. В ходе торжественной церемонии работникам станции, отделения и ветеранам стальной магистрали вручили юбилейные медали «Алтынколь станциясына 10 жыл», благодарственные письма и грамоты от имени руководства АО «НК «ҚТЖ».

В праздничных мероприятиях приняли участие представители Алматинского отделения грузовых перевозок, отделения магистральной сети, ветераны-железнодорожники, представители акимата Панфиловского района Жетысуской области.

– Открытие новой линии и дальнейшая бесперебойная работа станции, развитие сопутствующей инфраструктуры – все это наглядное свидетельство того, насколько продуманным и дальновидным было решение о строительстве новой дороги, – подчеркнул директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.

С поздравительной речью выступил и директор Алматинского отделения магистральной сети Аскар Жексенбиев, который отметил особый вклад работников структурных подразделений в развитие станции Алтынколь:

– Вы сами пишете историю станции своим ежедневным трудом. Построенная практически в пустыне, она

вошла в историю как связующее звено второго международного перехода с Китаем, став мощным транспортным предприятием, которое ежегодно наращивает свой потенциал.

В свою очередь приглашенные ветераны Калтай Самбетов, Марат Хамзин, Даулетбай Есимбеков, Вячеслав Миронов, Талгат Еспанов, Дуан Умаров и другие поделились воспоминаниями и поздравили алтынкольцев с юбилеем.

Каждый работник, кто принимал участие в масштабном проекте, отличился своей компетентностью и самоотверженным трудом. Огромные функции были возложены на главных менеджеров. В их числе – Рамазан Жуматаев и Асхат Каимбаев. Они непосредственно работали на линии,

курировали участки от Жетыгена до Или и от Или до станции Алтынколь, осуществляли контроль над всеми видами работ.

Начальник строительства новой линии Али Карабин постоянно находился на линии. Огромный груз ответственности лег и на плечи Даулетбая Есимбекова, который в то время возглавлял Алматинское отделение дороги, и на первого начальника станции Даулетжана Аязбаева. Осваивать необжитые просторы было непросто, люди жили в полевых условиях, в вагончиках, но никто не жаловался. В итоге станция Алтынколь открыла новую страницу в истории железной дороги. Сегодня она несколько не уступает Достыку. Часть контейнерных грузов идет через Алтынколь, что дает преимущество южным регионам. Коллектив станции работает четко и слаженно. Наблюдается устойчивая динамика роста грузооборота, сокращение времени обработки контейнерных поездов, увеличение пропускной способности, улучшение эксплуатационных показателей, – обеспечения условий безопасности в маневровой работе, сокращение всех видов простоя.

## СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІККЕ ТҮЙІН СЕРПІН



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өзбекстанға екі күндік мемлекеттік сапары барысында бауырлас екі ел арасындағы байланысты одан әрі нығайта түсетін бірқатар келіссөздер жасалды. Сапар аясында екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретін 17 құжатқа қол қойылды.

Президенттер саяси, сауда-экономикалық, энергетикалық, көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық салаларды кеңейтуге көңіл бөліп, қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігінің ауқымды мәселелерін талқыға салды. Сонымен қатар Дарбаза – Мақтаарал темір жол құрылысын тезірек аяқтау үшін күш салуға уағдаласты. Аталған бағыт «Сарыағаш» өткізу пунктінің транзиттік әлеуетін кеңейтуге және жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Сырдария станциясына шығуға мүмкіндік беріп, Сарыағаш, Жетісай, Жылға сынды теміржол бекеттерін дамытады.

Тараптар аймақтағы сауда-көлік дәліздерін дамыту мәселесін де талқылай отыра бұл бағытта Қазақстан мен Өзбекстан маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Дарбаза – Мақтаарал темір жолының артықшылықтары мен экономикалық тиімділігіне тоқталды. Сонымен қатар халықаралық көлік бағыттарын дамыту жайын сөз етті.

– Қазақстан компаниялары түрлі көлік қатынастары құрылысына белсенді атсалысуға және қажетті материалдарды жеткізуге дайын. Біз Транскаспий халықаралық көлік бағытын бірлесе дамытуға уағдаластық. Біз тату көршілікке және сенімді серіктестікке негізделген қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтереміз деп сенемін. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық неғұрлым тығыз және табысты болса, Орталық Азиядағы ахуал соғұрлым тұрақты болады, – деді Қазақстан Президенті.

Екі елдің тауар айналымының артуына мүмкіндік беретін «Дарбаза-Мақтаарал» темір жолы жобасын іске асыру бірінші кезекте транзиттік әлеуетті 5 есеге арттыруға, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы шикізат өнімдерін көп өндіретін Мақтаарал ауданын негізгі магистральдық теміржол желісімен қосуға мүмкіндік береді, тиісінше, өндіріс дамуына оң әсер етеді.

Қазақстан теміржолында Өзбекстанға бағыт алатын негізгі жүк ағыны халықаралық Сарыағаш түйіспе станциясы арқылы өтеді. Алайда бұл станцияның өткізу қабілеті бүгінде шарықтау шегіне жеткен. Сондықтан қазақ-өзбек мемлекеттік шекарасында өткізу қабілетін арттыру үшін «Дарбаза-Мақтаарал» жобасын жүзеге асыру Сарыағаш-Ташкент теліміндегі жүк ағынын жеңілдетіп, жаңа тармаққа қайта бөлуге септік етеді. Сондай-ақ Түркістан облысының шекаралық аймағының дамуына серпін береді. Бұл жоба қолданыстағы Сарыағаш-Келес шекара өткеліне түсетін жүктемесін де азайтады.

Ұлан ОРАЗ, Астана



**Әділ ДҮЙСЕЕВ,**  
Алматы магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары:

## Әлеумет

### БІРДЕ-БІР БАЛА СЫЙЛЫҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жаңа жыл қарсаңында теміржолшылар отбасындағы бүлдіршіндерге сыйқапшық таратуда. Биыл Ұлттық компания бойынша барлығы 141 мың балаға тәтті сыйлықтар тарту етілмек.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана

Жаңа жылды бас кейіпкерлері Аяз ата мен Қаршақыз болатын ертеңгіліксіз және түрлі тәтті-дәмді толтырылған сый қалташаларсыз елестету, әсіресе балалар үшін мүмкін емес. Бұл жолы да Қазақстан темір жолының арнайы дайындаған дәстүрлі сый қалтасынан түрлі кондитерлік өнімдер, тілі дәм үйірген шоколадтармен қатар жұмсақ беторамал, бояуға арналған әртүрлі суреттері бар кітапшалар, балаларды мультфильмдердің кейіпкерлерін бояу арқылы олармен бірге қиял әлеміне саяхаттауға шақыратын түрлі-түсті қарындаштар табылып,

сыйқапшықтың салмағын одан әрі арттыра түсті. Сонымен, мұндай жаңажылдық сыйлықтың иелері кімдер деген сауалымызға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адам ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Саян Сыздықов жауап берді.

«Біз балалар үшін жаңажылдық сыйлық сатып алғанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның қызметкерлері арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған Ұжымдық шартты негізге алдық. Онда Компания қызметкерлерінің, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты болған қайғылы оқиға салдарынан еңбекке жарамдылығын толық немесе жартылай жоғалтқан еңбеккерлердің 13 жасқа дейінгі балаларына Компания



есебінен жаңажылдық сыйлықтар сатып алу қарастырылған. Егер баланың әкесі де, шешесі де теміржол саласының қызметкері болса, тек бір ата-анаға ғана сыйлық беріледі. Сыйлықтар белгіленген тәртіп шеңберінде үстіміздегі желтоқсан айының екінші жартысында таратыла бастады. Бүгінде шалғайдағы шағын станция-бекетте тұратын барлық теміржолшылардың балаларына компанияның жаңажылдық сыйқапшығы табыс етілді деп ойлаймын, – деді ол.

**МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ – БҮЛ ЖОЛ ТЫНЫСЫ. АЛ ЖЕЛІНІҢ ТИІМДІ ЖҰМЫСЫ САУАТТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНА ҒАНА ЕМЕС, СОНДАЙ-АҚ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕ, МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОРТА БУЫН ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ МІНДЕТТЕРІН МІНСІЗ ОРЫНДАУЫНА ДА БАЙЛАНЫСТЫ**

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2023 ЖЫЛДЫҢ 11 АЙЫНДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША

**230** млн тонна  
ЖҮК ТИЕЛДІ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

**13** млн

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН.

БИЫЛ ҚАҢТАР-ҚАРАША АРАЛЫҒЫНДА

**30** млн тонна  
ШАМАСЫНДА КӨМІР  
ЭКСПОРТТАЛҒАН.

## ОСАДКИ – ДЕЛО ПРИВЫЧНОЕ

**Минувшая неделя в ряде регионов Казахстана отметилась обильными снегопадами. С 19 по 25 октября работники АО «НК «ҚТЖ» с помощью спецтехники очистили от снега свыше четырех тысяч километров пути и вывезли более 70 тысяч кубометров снега.**

За поездами давно закрепилось звание самого надежного вида транспорта в условиях непогоды. В дождь и зной, в мороз и снегопады железнодорожники обеспечивают бесперебойное и безопасное движение поездов. Борьба со снежными заносами для путейцев – дело привычное.

За неделю с 19 по 25 декабря привлечены на очистку стрелочных переводов по сети АО «НК «ҚТЖ» привлечено 8 729 монтеров пути, в том числе в день – 4 337 человек, ночью – 4 392 железнодорожника. С помощью СДПМ очищено 4 045 километров пути. На уборке снега задействовано также 27 единиц

СМ – за 62 рейса вывезено 70 745 кубометров снега.

В рамках подготовки хозяйств и кадров к работе в зимний период по Дирекции магистральной сети заблаговременно подготовлено, обкатано и опробовано по закрепленным участкам 284 единицы снегоуборочной и снегоочистительной техники (100%). Запланирован капитальный ремонт четырех единиц техники, из них две уже отремонтированы, ремонт еще двух планируется завершить на базе ТОО «Есылы Локомотив» до 30 декабря.

Отремонтировано также 57 километров снегозащитных заборов, или 100% к плану.

Работы по очистке перегонов и станций от снега продолжаются.

Любовь РОББА

## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау



МЕРЕЙ

**Маңғыстау техникалық қызмет көрсету пунктiнiң қызметкерi Галима Қайырова құрметтi зейнет демалысына шықты.**

Қырық жылға жуық өмірін осы мекемеде өткізген жанды түбек теміржолшылары зейнетке салтанатпен шығарып салды, әсіресе жастар жағы «жұмыстағы аналарымен» қимай қоштасты.



Галима Қайырованы 1962 жылы Түркіменстанда туған, ерлі-зайыпты Мамбет пен Сәнім «сигналистер» болған екен. 1980 жылы жары Жұмабек Якупбаевты жолықтырып, отау құрған екі жас қол ұстасып атажұртқа келеді. 1984 жылы Маңғыстау вагон депосына слесарь болып орналасқан Галима уақыт өте келе вагон қараушы, жөндеуші де болады. Таңның атысы, күннің батысы демеі құрал-сайманын асынып, түзде жүрді. Бірнеше жылдан соң операторлық қызметке ауысып, міне, зейнет жасына жеткенше еңбек етті.

Құдай қосқан қосағымен өмірде ғана емес, жұмыста да жұттары жазылмай біраз жыл бірге жүрді. Ол кісі де вагон шаруашылығының маманы, ТҚКП бастығы болды, ертерек өмірден өтті. Жан жары дүние салған соң артында қалған төрт ұлы мен екі қызына, немерелеріне бас болып қалды. Ұлдарының төртеуі де ата-ана ізімен теміржолшы мамандығын таңдады. Тұңғышы Жеткізген қозғалыс қауіпсіздігінің бас маманы болса, екінші ұл Жалғасқан пойыздар қозғалысының диспетчері. Бұл шаңырақтың атын бүкіл Қазақстан темір жолына танытқан кеңжесі Жанарбек, жас болса да бірнеше рет «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен марапатталған маңғыстаулық вагон қараушы көпшіліктің есінде болар.

– Соншама жыл күнделікті әдет болып қалған жұмыстан қол үзуге үйрену қиын шығар, дегенмен бұл күнге жеткізген Аллаға шүкір деймін. 23 желтоқсаннан бастап зейнетке шығып жатырмын. Ендігі уақытты немерелердің тәрбиесіне арнап, балаларыма көмектесемін, – дейді аяулы ана. Галима Қайыроваға ұзақ жылғы қажырлы еңбегі үшін алғыс айтқан бөлімше бастығы Нәжімеден Ғұбашов оның өнегелі өмірін жастарға үлгі етті.

Суретті түсірген автор

## РЕЛЬС ЗАУЫТЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕДЕ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

**Германияда өткен әлемдегі ең ірі «InnoTrans 2022» көлік технологиялары көрмесіне қатысқан Ақтөбе рельс-арқалық зауытының танымалдығы арта түсті. Ірі көлік-логистикалық көрме Берлин қаласында, көрме кешенінің 42 залында көрсетілген.**



Көрме «Теміржол технологиялары», «Теміржол инфрақұрылымы», «Қоғамдық көлік», «Интерьерлер» және «Тоннельдер салу» секілді бес сегментке бөлінген.

Компанияның баспасөз қызметінің хабарлауына, халықаралық көрмеде «АРБЗ» ЖШС өнімдеріне қызығушылық танытқандар көп болған. Көптеген компаниялар рельстік өнімді сатып алу бойынша ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнату туралы ой білдірген. Қажетті жабдықтар шығаратын фирмалармен байланыс орнатылған.

Компания оған дейін Екатеринбург қаласында өткен «ИННОПРОМ-2022» халықаралық көрмесіне қатысқан болатын. «Өнеркәсіптік ауысу: сын-қатерлерден жаңа мүмкіндіктерге» тақырыбындағы шара – Ресейде өткізілетін индустрияландыру саласындағы ірі көрмелердің бірі.

Рельс шығаратын компанияның «визиттік карточкасы» ретінде ДТ350 санатты ұзын өлшемді рельстері аталады. Олардың жоғары жылдамдықты магистральдарда, сондай-ақ жоғары жүк тасымалдау желілерінде тиімділігі дәлелденген. Сәйкесінше, рельс ұзындығының артуына байланысты жапсарлардың санын азайтуға болады. Бұл теміржол төсемін салу кезінде қаржылық шығындарды азайтып қана қоймай, теміржол құрамын да, рельстердің тозуға төзімділігін де арттырады. Нәтижесінде жолаушылар пойыздарының жүріс жатықтығына, ал жүк пойыздарының жылдамдығына қол жеткізуге болады.

Ішкі нарықта зауыт өнімдері үлкен суранысқа ие. Қазақстан темір жолының қажетін өтеумен қатар едәуір бөлігін посткеңестік елдерге жөнелтіп отырған компания қазір Өзбекстан, Тәжікстан, Беларусь, Грузия, Түркіменстан, Ресей және Эстония елдерімен тығыз байланыс орнатқан.

## ӘДІЛЕТТІ «АЛҒАШҚЫ ҚЫСЫ»



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

**Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты мекемелерде биыл 105 теміржолшы алғашқы қысын қарсы алып отыр. Теміржол саласына жұмысқа кіргеніне әлі жыл толмаған жандар қатал маусымда қалай жұмыс істеп жатыр?**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Бөлімшедегі еңбек қорғау және қауіпсіздік бөлімінің бастығы Салтанат Нұрсұлтанованың айтуынша, биыл алғашқы қысын қарсы алып отырғандардан 50 теміржолшы станция-разъездерде, вагон жөндеу депосында – 21, Атырау және Мақат локомотив пайдалану деполарының әрқайсысында 21-22 адамнан бар.

– Оларға орта және аға буын қызметкерлер жұмыс бағытын, еңбек қауіпсіздігін көрсетіп, ақыл-кеңес беретін үйретуші мамандар бекітіліп берілді. Жас мамандар техникалық сабақтан үнемі өтіп тұрады, қысқы-жазғы арнайы киім мен қорғаныш құралдарымен жүз пайыз қамтылған. Әркім қысқы жағдайда еңбек орнында өзін қалай ұстауы қажеттігін, еңбек процесін қалай жүзеге асыруды біледі, – дейді ол.

Солардың бірі – Атырау станциясында белгі беруші болып еңбек жолын бастаған Қуакбаев Әділетті жұмыс орнында жолықтырдық. Қаз АТК-ны тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты пайдалану мамандығы

бойынша бітірген жас маман еңбек жолын ең соңғы баспалдақтан бастаған.

– Станцияға келген вагондарға башмақ саламын, вагон нөмірлерін жазып, құжаттарын өткіземіз. Бізге міндетті болмағанымен радиобайланыс бар. Негізі станциядағы дыбысқушейткіш арқылы тапсырма аламыз. Жұмысқа төселіп қалдым. Бір күн, бір түн ауысымда болып, екі күн демаламын. Техникалық сабақ аптасына екі-үш рет өтіп тұрады. Киім-кешекпен, керек-жарақпен жүз пайыз қамтылды. Суықта тоңатын жағдайымыз жоқ. Жылынып алатын жер де бар. Өзім қалаған мамандық болғасын маған бәрі қызық, бәріне төземін, үйренемін, – дейді алғашқы қысын өткізіп жатқан Әділет.

Вагон қараушы Қонысбай Есеналиев те биыл алғашқы қысын қарсы алып отыр екен. «Жұмысқа кіргеніме көп болмағанымен, төселіп қалдым. Үйретуші ұстадарыма, аға буын ағаларға рахмет» дейді ол.

Ал машинист Қадиров Амангелді Атырау локомотив пайдалану депосында еңбек етеді. Бұған дейін көмекші болған ол жуырда тепловоз тізгінін өз қолына алыпты. «Биылғы қыс мен үшін ерекше болғалы тұр. Өйткені



машинист ретінде бірінші қысымды қарсы алып тұрмын. Көмекші болған кезде көп уайымдамайтын едім, ал енді өзің тепловозбен, қарлы дала, қылы жолмен бетпе-бет қалғандағы жауапкершілік жүгі ауыр болады екен. Сондықтан сенім үдесінен шығуға тырысамын» дейді ол. Біз кездестірген «первозимниктердің» қай-қайсысы да өз жауапкершілігін сезініп, бірі тепловозды шұққылап, енді бірі башмақтарды әзірлеп, үшіншісі вагондар автотежегішінің дұрыстығын тексеруде. Өрине, түптөп келгенде бәрінің де көздегіні – қозғалыс қауіпсіздігі. Сондықтан олардың еңбегі жемісті болсын деп тілейміз.

Суретті түсірген автор

## МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРДЫ



30 жыл бірлікте

**Қазақстан темір жолында саланың арғы-бергі тарихынан сыр шертетін құнды экспонаттар жинақталған ондаған музей бар. Бүгінде олар «Қазкөліккәсіп» ҚБ балансында. 21-22 желтоқсанда Сала кәсіподағының ұйымдастыруымен музей менеджерлеріне арналған екі күндік семинар өтті.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Жер-жердегі теміржол музейінен жиналған менеджерлер семинардың бірінші күнін елордадағы С.Сейфуллин атындағы музейі аралап, жұмысымен танысудан бастады. Іргесі ХІХ ғасырда қаланған ғимаратта кезінде Сәкен Сейфуллин жұмыс істеген. Кәсіби мамандар музей қорларында сақталатын жәдігерлердің физикалық, механикалық, химиялық өзгерістерге ұшырау себептері мен соған сай әрекет ету жолдарын түсіндірді. Теміржолдың музей қызметкерлері жәдігерлерді күтiп ұстауға, музей ісін жандандыруға қатысты сұрақтар қойды.

– Теміржолда бүгiнгі таңда 17 музей бар. Ең ірісі Алматыда. Музейлерді кәсіподақ құрамына бергелі осымен екінші рет семинар өтiп отыр. Себебі темір жол музейлеріндегі менеджерлер негiзiнен саланың ішкі қызметкерлерінен тартылған теміржолшылар, яғни олардың музей ісінде арнайы білімі жоқ. Сондықтан мұндай семинарлар олардың білімін арттырып, бейімделуіне ықпалы зор, – деді «Қазкөліккәсіп» ҚБ аппараттық қамтамасыз ету және ұйымдастырушылық жұмыстар департаментінің директоры Нұрлан Нұрпейісов.

Түстен кейін семинарға қатысушылар Ұлттық музейі аралады. Музей менеджерлері де мұндай семинарлардың өзара тәжірибе алмасып, теориялық білім жинауға септік ететінін жеткізді. Алматыдағы Орталық теміржол музейінің менеджері Салтанат Қалиақпарова теміржол тарихы туралы деректерді жатқа айтады. 23 жылдық тарихы бар теміржол музейінде 1901 жылғы ескі паровоздар мен вагондар, 1946 жылғы ең алғашқы жолаушылар пойызының макеттері, Түркісіб теміржолын салған кездегі құралдар, бұрынғы қолданған телефон аппаратары және басқа да құнды жәдігерлер бар. Мұражайға айна орта есеппен 500 адам келеді екен.

Ақтөбе теміржол музейінің менеджері Анар Жұбаева кәсіподақ қарамағына өткелі



менеджерлерді оқыту қолға алынғанын құптайтынын білдірді.

– Бiрiмiздi бiр жерге жинап, бiр-бiрiмiзбен танысқалы берi жұмысымыз жеңiлдей түстi. Бұрын музей ісінде жұмыс жүйелi болған жоқ. Былтырғы танымдық семинарда көп бiлiм алдық. Музей қалай жұмыс істеуi керек, қандай талаптарды сақтау қажет, оны қалай көрсете аламыз, соның бәрiн музей ісi бойынша кәсiби мамандар үйретiп, түсіндірді. Ал бiлiмiн семинарды бiлiктiлiгiмiздi арттыру деп қабылдадық, ендi осы алған бiлiмдi тәжірибемен ұпшастырып, өнiрдегi теміржол музейлерiн дамытуға жұмыс жүргiзетiн боламыз, – дейдi А. Жұбаева.

Аяғөз локомотив пайдалану депосы музейінің менеджері Әлия Шәріпқызының айтуынша, 1999 жылы ашылған музейде 50-ге жуық экспонат бар. Оларды сақтауға қолайлы жағдай жасалған.

Оралдағы I теміржол музейінің менеджері Гүлбаршын Маңғытаеваның айтуынша, батыс өлкесіндегі бұл музей 1994 жылы Қазақ теміржолының 100 жылдығына орай ашылыпты.

– Біздің музейде байырғы қоңырау, бағдаршам қызметін атқарған керосин шамдар, электровоздар макеттері, алғашқы

паровоз макеттері құнды жәдігерлеріміздің қатарында. Музейге жылына шамамен 1500 адам келеді, – дейді ол.

ҚТЖ-дағы бас мұражайдың менеджері Ақмарал Молдашеваның айтуынша, ұлттық компания ғимараты стратегиялық нысан болғандықтан, келушілерді кіргізіп-шығару оңай емес. Сол себепті әрі карантин кезінде қолайлы болу үшін ҚТЖ компаниясының сайтынан сілтеме арқылы өтіп, қарауға болатын интерактивті музей жасалыпты. Болашақта оны барлық теміржол музейлеріне енгізу көзделіп отыр екен.

Семинардың екінші күнінде «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев пен төрағаның орынбасары Бақытжан Қуанышев сөз сөйлеп, музей менеджерлерінің жұмыс барысындағы өтiнiш-ұсыныстары мен қажеттiлiктерiне құлақ түрдi. Одан әрi іс-шара осы саланың кәсiби мамандарынан музей-ағарту қызметiн ұйымдастырудағы практикалық машықтар бойынша дәріс тындаумен жалғасты. «Кiсiлiждi басқару», «Күйзеліске төзімділік» тақырыптарында тренингтер өттi. Семинар соңында барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## КҮШЕЙТІЛГЕН ТӘРТІПKE КӨШТІ



ПРОФИЛАКТИКА

**Жуырда Семей станциясындағы желілік полиция қызметкерлері «Құқықтық тәртіп» атты профилактикалық іс-шара өткізді. Осыған байланысты жеке құрам қызметкерлері күшейтілген жұмыс тәртібіне көшіп, жұмыс штабы құрылды.**



**Абай ЕРТІС,**  
Семей

Топтарға бөлініп іс жүргізген тәртіп сақшылары әсіресе теміржол вокзалы, вокзал перрондары, теміржол өткелдері сынды қоғамдық орындарды ерекше назарға алды. Басты мақ-

сат қоғамдық тәртіпті сақтай отырып, түрлі құқықбұзушылықтың алдын алу болды.

Іс-шара кезінде желілік тәртіп сақшылары әртүрлі әкімшілік құқық бұзған бi туғаны ұстады. Қоғамдық орында алкогольдік ішімдік ішкені үшін 10 адам жауапқа тартылды. Сондай-ақ, көмелеттік жасқа толмағандар-

дың жалғыз жүруі, өзге де тәртіп бұзушылықтар тіркелген.

Сонымен қатар, осы іс-шара аясында Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты мекемелермен бірлесіп темір жолға жақын орналасқан, ұлттық компания теңгерімдегі қараусыз қалған үйлерге акт толтыра отырып, 6 мәрте аралау жұмыстары ұйымдастырылды.

Сондай-ақ экстремизмге қарсы іс-қимыл аясында сырт келбеті күдік тудырған жеті азаматпен профилактикалық сұхбат жүргізілген.

– Аталған іс-шара нәтижесінде есірткі заттарын, заңсыз қаруды сақтау, психотроптық заттарды қолдану сияқты қылмыстардың алды алынып, қоғамдық орындардың тыныштығы сақталды, – дейді Семей станциясындағы ЖПБ-нің әкімшілік полиция бөлімінің бастығы, полиция капитаны Рүстем Абеуов.

Айтуынша, іздестіруде жүрген бір қылмыскер анықталған және Семей станциясы желілік полиция бөлімінің криминалистикалық желісі бойынша 6 адамның саусақ іздері алынып, фото-видео есепке қойылыпты.

Суретті түсірген автор

## В ЦИФРОВОМ ПОТОКЕ



ТЕХНОЛОГИИ

**Алматинская дистанция сигнализации и связи внедряет новые цифровые технологии для улучшения работы, пропускной способности участков. Теперь в работе диспетчера бумажные носители заменены на цифровые, и сотрудники уже высоко оценили преимущества нововведения.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Вместе с начальником Алматинской дистанции сигнализации и связи Манатом Куаншбаевым заходим в диспетчерскую. Старший диспетчер Бакыткуль Рахметова докладывает обстановку, где вся ситуация по участкам отражается на мониторах.

Безусловно, немаловажную роль в обеспечении безопасности движения поездов принадлежит диспетчеру, где основной задачей является оперативное руководство при организации технического обслуживания и ремонта устройств железнодорожной автоматики, а также при восстановлении их действия в случае возникновения неисправности и отказов. Более

того, ежесуточно формируется оперативная справка об отказах устройств ЖАТС за смену, и в течение 15 минут с момента получения информации первичные данные об отказе технических средств заносятся в карточку ком-

**« ЭТО ЕДИНСТВЕННАЯ ДИСТАНЦИЯ СИГНАЛИЗАЦИИ И СВЯЗИ, КОТОРАЯ РАБОТАЕТ ПО НОВЫМ ТЕХНОЛОГИЯМ, ПРИЧЕМ РАЗРАБОТЧИКАМИ ЯВЛЯЮТСЯ САМИ ЖЕ РАБОТНИКИ ДИСТАНЦИИ. »**

плексной автоматизированной системы управления АСУ-Ш, а в ходе устранения отказа ведется хронология событий.

За смену ей приходится принять огромный поток информации, она хорошо владеет правилами диспетчерского руководства по техническо-

му обслуживанию и ремонту устройств железнодорожной автоматики, телемеханики и связи, и обеспечения безопасного функционирования устройств.

– Работа по электронной технологии значительно облегчила

наш труд. Визуально мы видим всю ситуацию на участке, и в нашей работе нужно быть предельно внимательным и дей-

ствовать согласно требованиям, оперативная работа не дает нам время на расквачку, – говорит Бакыткуль Рахметова. Под ее зримым оком – дви-

жение поездов, технической диагностики и мониторинга состояния технических средств ЧДК и микропроцессорных систем ДЦ (Неман, АСДЦ, Ebilock-950 и АСК-ПС, ШЧД, а также вся информация о состоянии блок-участков, поездов, напряжение в рельсовых цепях, на фидерах питания, на аккумуляторной батарее).

Стоит отметить, что это единственная дистанция сигнализации и связи, которая работает по новым технологиям, причем разработчиками являются сами же работники дистанции. А введение электронного журнала регистрации и контроля упростило работу, на которую ранее затрачивалось большое количество времени.

Фото автора



## СИТУАЦИЯ КОНТРОЛИРУЕТСЯ



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

**В Карагандинском регионе на сегодняшний день работа железнодорожников осложнена неблагоприятными погодными условиями, так как зима выдалась ветреной и суровой.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Несмотря на это, все подразделения региона проводят слаженную работу по своевременной очистке станционных путей, напольных устройств, стрелочных переводов с целью обеспечения бесперебойного движения поездов.

Как отметил начальник отдела пути

Карагандинского отделения магистральной сети Нуржан Калиев, в настоящее время в связи с выпадением обильных осадков задействована снегоуборочная техника СМ-2, СДПМ, СДП в количестве 20 единиц, которая в бесперебойном режиме производит очистку станционных путей и перегонов.

Особенно под пристальным контролем находятся места, которые наиболее подвержены снежным заносам, – участок Дария

– Жарык – Нилды – Айса, станция Сарыбел, перегон Сарыбел – Актасты, путепровод 684-й километр, участок Кокпекты – Карагайлы, перегон Тегизжол – Углерудный. На вышеназванных участках на регулярной основе очищаются выемки, также подлежат перестановке снегозащитные щиты. Большое скопление снежного покрова чаще всего наблюдается на участке Сороковая-Караганда – Жарык, который расположен на главном пути, и участке Кокпекты – Карагайлы. Начальниками станций ежедневно осуществляется контроль за снегоочистительной техникой и за режимом работы обслуживающих бригад.

Всего по Карагандинскому отделению магистральной сети в работе задействованы около 40 единиц спецтехники – СМ, СДПМ, Ротор, Струг, ФРЭС.

Все работники, связанные с движением поездов, обеспечены специальной зимней одеждой и обувью, а также индивидуальными средствами защиты от обморожения. На местах изданы приказы о закреплении первозимников за опытными работниками.

Согласно утвержденному плану по снегоборьбе, ежедневно в текущей работе задействованы работники станции и смежных предприятий.

Руководителями предприятий разработан и утвержден график дежурства для обеспечения бесперебойной эксплуатации работы безопасности движения в период ухудшения погодных условий вплоть до окончания зимы.

Фото автора

## ОБЕСПЕЧИТЬ НАДЕЖНЫЙ ТЫЛ



СОЦИУМ

**Собрание с участием вторых членов семей локомотивных бригад провели в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22). Такие встречи на предприятии проходят ежегодно.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Оскемен

Локомотивные бригады являются основным звеном в обеспечении безопасности движения, и от их психологического, морального состояния, качества отдыха перед поездкой зависит, какой она будет.

Начальник Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Асет Бутабаев, под председательством которого проходило собрание, отметил, что руководством ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» постоянно заботится о благосостоянии своих работников.

Он рассказал о ситуации с безопасностью движения поездов и охраны труда на железнодорожном транспорте и разъяснил женам машинистов и помощников машинистов тепловозов, какая у их мужей ответственная работа. Нахо-



дясь в поездке, они не должны переживать о том, что у них происходит дома, в семье.

Движение на большой скорости может быть связано с неожиданными событиями, а дорожная обстановка, знаки, показания приборов в кабине требуют напряженного внимания, отметил Асет Нурланович. Также он довел до сведения собравшихся информацию о состоянии дел по обеспечению безопасности движения поездов в 2021-2022

годах, детально рассмотрев допущенные локомотивными бригадами нарушения, еще раз объяснил, в чем заключается опасность ошибок, халатного отношения к должностным обязанностям, а также о мерах ответственности, предусмотренных действующим законодательством. В то же время причиной допущенных нарушений зачастую становится человеческий фактор.

– Локомотивные бригады должны иметь перед поездкой

полноценный отдых, быть спокойными, а также, что немаловажно, иметь с собой запас еды, – напомнил Асет Нурланович. – Поэтому от жен и матерей зависит многое.

Председатель цехового комитета ТЧЭ-22 Медет Мекебаев добавил, что каждый работник – член профсоюзного комитета, имеет страховку от несчастных случаев, а в случае непредвиденных событий ОО «Казпрофтранс» оказывает благотворительную помощь для защиты финансовых интересов работников.

В числе принятых решений собрания – повышение ответственности локомотивных бригад к выполнению служебных обязанностей, руководителей приказов и инструкций по обеспечению безопасности движения поездов, обеспечение качественного отдыха перед поездкой. Командно-инструкторскому составу необходимо обеспечить постоянный контроль за режимом труда и отдыха локомотивных бригад, качеством технического обучения.

В заключение встречи руководство ТЧЭ-22 вручило женам машинистов и помощников машинистов цветы и памятные подарки.

Фото Медета МЕКЕБАЕВА

## В «КУСТАХ» НЕ ОТСИДЕТЬСЯ

**Яна МАРЬИНА,**  
Уральск



СОВЕЩАНИЕ

**В Уральске прошло расширенное совещание по вопросу обеспечения безопасности на железнодорожном транспорте, в котором приняли участие представители всех причастных предприятий и организаций, включая ветвладельцев, а также надзорные и правоохранительные органы.**

Инициатором встречи выступило РГУ «Инспекция транспортного контроля по Западно-Казахстанской области» (ИТК). Следует отметить, что в конце ноября был проведен «круглый стол» с участием представителей филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» и АО «НҚ «КТЖ» – «Актюбинское отделение магистральной сети», ревизорского аппарата, линейного отдела полиции станции Уральск, инспекции транспортного контроля по ЗКО на тему травматизма и гибели людей на железной дороге, в ходе которого был проведен анализ причин и выработан план действий.

В том же составе с привлечением и ветвладельцев состоялось заключительное в уходящем году совещание. На повестке дня вновь стояли вопросы ограждения путей в местах несанкционированного движения пешеходов, а также качественного их содержания ветвладельцами и своевременного оповещения контролирующими органами об инцидентах всеми причастными организациями.

Как отметил главный специалист ИТК Руслан Сакалов, разговор получился напряженный, но продуктивный. К сожалению, на совещание прибыли в основном те ветвладельцы, кто и так активно сотрудничает с железнодорожными и контролирующими органами и соблюдает все требования безопасности на железной дороге.

## УСИЛЕННЫЙ РЕЖИМ

**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар



СНЕГОБОРЬБА

**В Павлодарском отделении ГП полным ходом идет работа по очистке железных дорог от снега, которого за последние недели выпало немало. Уборка снежных заносов усложняется морозами.**

Как известно, снежные заносы и обледенение путей, особенно в районах с суровым климатом, осложняют эксплуатацию железных дорог. Декабрь для региона выдался сложным. С первых дней зимы столбики термометров опускались до -32 градусов. Если морозы отпустили, то на их смену приходили обильные осадки, поэтому сейчас железнодорожники работают, как говорится, в поте лица. При неблагоприятных метеорологических условиях обеспечивается заблаговременное информирование филиалов. К примеру, начальством станции Павлодар принимаются меры по ознакомлению сменных работников, дежурство первых руководителей на рабочих местах с ежесуточным отчетом поездному диспетчеру о положении на станции и близлежащих перегонах. В ходе осеннего комиссионного осмотра особое внимание уделяется подготовке снегоуборочной и снегоочистительной техники, проверяются роторные снегоочистители с закрепленными тепловозами, пневмообдувки и компрессорные станции. На перегонах, которые соединяют станции, работает машина СДПМ, а снег на путях чистит СМ. В основном снегоборьбой занимается ПЧ-32. Кроме того, путевцы анализируют перечень заносимых мест и их ограждение, рассчитывают и подают заявку на строительство и капитальный ремонт постоянных снегозащитных заборов.

## ОПАСНОСТЬ ВНЕ ГРАФИКА

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ПРОФИЛАКТИКА

**В Костанайском регионе продолжается работа по предотвращению выхода бродячего скота на железнодорожные пути. И с приходом зимы она не останавливается.**

По словам ведущего инженера отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Жалгаса Абдрахманова, в течение всего года острота этой работы не снижается.

– Бродячий скот по-прежнему остается одной из главных проблем на железнодорожных путях. Несмотря на все меры, принимаемые железнодорожниками, проблема остается актуальной, поскольку ее полное решение в немалой степени зависит и от сознательности скотовладельцев, и от содействия местной исполнительной власти, – говорит Жалгас Абдрахманов.

Причем, если в летнее время вдоль путей в основном щиплют траву коровы, то зимой у железной дороги чаще пасутся лошади, поскольку коровам и овцам бывает труднее пробраться сквозь сугробы вдоль железнодорожных путей. Лошади же умеют добывать траву из-под снега.

– Потому мы для большей эффективности даже сажаем наших путевых обходчиков верхом на лошадей, чтобы они могли объезжать наиболее уязвимые участки более быстро и также быстро прогонять бродячий скот, – говорит Жалгас Абдрахманов.

Между тем в рамках скотоборьбы на путях в прошлом году работниками Костанайского отделения магистральной сети, помимо 26 километров вновь установленной скотоизгороди, дополнительно отремонтировали еще 26 километров прежней проволоочной скотоизгороди, получившей повреждения в ходе эксплуатации. Ведь именно она становится одним из основных препятствий на пути бродячего скота, пасущегося у железной дороги.

Акционерное общество «Кедентранссервис» сообщает о том, что свидетельство о государственной регистрации выпуска объявленных акций акционерного общества «Кедентранссервис» считать недействительным в связи с его утратой.

№102 (2817) 27/12/2022

## ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КЕНТІНДЕГІ ҚУАНЬШ



**Балалар жылы аясында Семей ЖТ бөлімшесінде бірқатар игілікті шаралар жүзеге асырылды. Мысалы, желі бойындағы көптеген шағын станцияларға балалардың ойын алаңқайлары орнатылып, көпшілігі күрделі жөндеуден өтті. Балалар үшін танымдық, тағылымдық шаралар ұйымдастырылды.**



Жуырда Семей шаһарының іргесіндегі Теміржолшылар кентінде жасанды футбол алаңы мен балалардың ойын алаңқайының ашылу салтанаты болды. Бұл аумақта негізінен теміржолшылар мен сала ардагерлері көп тұрады. Шаһардың шеткі ауданы болғандықтан жергілікті биліктің назарынан тыс қала беретіні де жасырын емес. Әйтсе де, Семей бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досановтың ықпалымен соңғы екі жылда бірқатар жұмыс жасалыпты. Бұл жолы да қуанышты оқиғаға аумақтағы барша балақайлар ата-аналарымен жиналды. Мердігер компания балалардың ойын

алаңқайы мен жасанды футбол алаңын қыстың көзі қырауда да жұмыстарын тоқтатпай, дер кезінде бітіріп беріпті. Жаңа ойын алаңының «тұсауы» кесіліп, ақ кимешекті әжелер шашу шашты. Жергілікті тұрғындар, сала ардагерлері осы шараға ұйытқы болған теміржолшыларға, кәсіподақ ұйымына алғыстарын жаудырып жатты. Ендігі жерде спортты серік еткен семейлік теміржолшы жастар да футбол алаңын жалға алмайды, жасанды алаң олардың игілігіне де арналған.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,** Семей Суреттерді түсірген автор

## ТРИ ВОЛШЕБНЫХ ДНЯ

После долгого перерыва в этом году вновь прошли Новогодние елки для детей работников железнодорожного транспорта. В Уральском регионе в новогодних хороводах от души повеселились 290 ребят и их родители.



Филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» в этом году заключили договор с ТОО «ASAP SUPPLY» на проведение новогодних театрализованных представлений на базе ДК Молодежи, бывшем ДOME культуры железнодорожников. Новогодние елки для детей работников Уральского эксплуатационного локомотивного депо, Уральского эксплуатационного вагонного депо и станции Уральск проходили в течение трех дней.

У самого входа детей встречали герои сказок – ростовые куклы с разными шутками-прибаутками, загадками и угощениями, и каждому становилось ясно: мечты сбываются. Ведь два карантинных года ребятки были лишены

этих простых радостей. Роскошные костюмы сказочных персонажей, большая, нарядная елка, праздничный хорювод вокруг нее, различные забавы и много других развлечений, а также фотозона, где можно было запечатлеть эти радостные мгновения с любимыми персонажами, оставили массу впечатлений. А еще каждый ребенок получил подарок от Деда Мороза и Снегурочки!

Рады были и родители ребяткишек. Как отметила менеджер по кадрам Гулжан Аманова, компания в реализации своей социальной политики особое внимание уделяет детям, ведь они – наше будущее.

**Анна ПАНИЩЕВА,** Уральск Фото Кенжебая РАХИМОВА

## ШЫРША ТОЙЫ БАСТАЛДЫ...

**Қызылорда бөлімшесі бойынша биылғы Жаңа жыл балалар ертеңгілігімен басталды. Қоян жылын қарсы алуға асыққан бүлдіршіндер жасыл шырша жанында Аяз ата мен Қаршақызды қарсы алып, тәттіге қарық болды.**

Кәсіподақ ұйымдарының атсалысуымен әр балаға қашық толы сыйлық берілді. Жалпы бөлімше бойынша биыл мың данадан астам сыйлық әзірленіп, балаларға үлестірілуде. Ең көбі Қызылорда ЖТ қосалқы бөліміне қарасты мекемелерге 310 дана, Қазалы вагон пайдалану депосына 210 дана, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне 200 дана жаңажылдық сыйлық әзірленген екен. Ал аймақтағы станция-бекетте тұратын теміржолшылардың балаларына арналған сыйлықтар алдын ала жөнелтілген. Кейбір мекемелерде сыйқапшықпен қоса ертегі, анимациялық фильмдер үшін билеттер ұсынылған.

Бүгін Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында балаларға арналған шырша тойы. Ұйымдастырушылардың бірі – «Жасыл шырша» образында киінген дистанция кәсіподағы төрайымы Галия Қожахметова бүлдіршіндермен бірге шыршаны айналып ән салып, мерекенің ортасында жүр. Аяз ата мен Ақшақардың қолынан сыйлық алған балалар мәз-мейрам.



– Теміржолшыларымыздың балалары үшін жаңажылдық таңерттенгілік ұйымдастыруды жөн санадық. Балалар үшін шырша тойы, Аяз ата болуы керек деп шештік. Одан бөлек дистанция бастылығы мен кәсіподақ ұйымы тарапынан әр балаға арнайы әзірлеген сыйлығымыз бар, – деді Галия Қожахметова.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,** Қызылорда Суретті түсірген автор

## УМЕНИЕ МЫСЛИТЬ НЕСТАНДАРТНО

**Рационализаторские предложения Асета Хасенова облегчают труд железнодорожников Акмолинского региона. Благодаря его изобретениям можно экономить человеческие ресурсы, а также сделать труд комфортным и безопасным.**



Для заместителя начальника по СЦБ Атбасарской дистанции сигнализации и связи Асета Хасенова как человека творческого свойственны умение мыслить «за рамками» и способность находить нестандартное решение технической проблемы. Асет Хасенов трудится на железной дороге уже 15 лет. За последние три года им было подано 20 интересных рацпредложений по обеспечению безопасности движения, совершенствованию технологического процесса, улучшению условий труда.

Например, рационализаторское предложение «Изоляция рамного рельса для гарнитуры электроприводы Р-80 Альстом». В настоящее время на сети железных дорог Казахстана применяются стрелочные электроприводы типа Р-80 Альстом. В процессе эксплуатации

выявляются узкие места, такие как неискорректность изоляции рамного рельса, которая может привести к нарушению безопасности движения. Причина неискорректности – низкое качество и внешние физические воздействия. Своевременная замена затруднена по причине долгого срока закупки и дальнейшей поставки в дистанции.

Асет Хасенов предложил изоляцию рамного рельса с помощью сборного изолированного стыка, который практически всегда есть в наличии. Данное изделие предназначено для изоляции рамного рельса от фундаментального угольника электропривода Р-80 Альстом. Для его изготовления требуются кусок рельса марки Р-65, гарнитурный угольник, боковая изоляция сборного изолированного стыка для Р-65, фен,

сверло диаметром 21 миллиметр и резак.

– Из существующей боковой изоляции отрезается кусок требуемой длины, далее разогревается строительным феном и прикладывается (прессуется при помощи бруска) к образцу рельса для придания требуемой формы. Затем при помощи гарнитурного угольника отмечается и сверлится отверстие под диаметр 21 миллиметр, – рассказывает Асет Хасенов.

Все технические характеристики данного решения отвечают требованиям безопасности движения и обеспечивают своевременную замену неисправности изоляций.

– Асет Хасенов, кроме стремления к усовершенствованию, обладает также и трудолюбием, ответственностью, тактичностью, решительностью, профессионализмом и внимательностью. Уверены, что он разрабатывает еще не одно техническое решение для облегчения работы железнодорожников, – отмечает начальник Центра научно-технической информации и анализа Акмолинского отделения магистральной сети Жасулан Даутов.

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,** Атбасар Фото автора

## Спорт

### ЗИМНИЕ СОСТЯЗАНИЯ СРЕДИ ЛУЧШИХ

**В преддверии Нового года на станции Курорт-Боровое прошли Республиканские соревнования АО «НК «КТЖ» по зимним видам спорта, посвященные 25-летию компании и 30-летию юбилею Казпрофтранса.**

За медали в лыжных гонках, мини-футболе на снегу и лыжной эстафете в течение трех дней боролись свыше 100 спортсменов-железнодорожников из восьми регионов страны. В составе каждой команды – 12 человек (10 мужчин и две женщины), а также инструктор по спорту.

Приветствуя участников во время торжественной церемонии открытия на спортивной базе «Жаксы-2», начальник станции Курорт-Боровое Галымжан Ержанов отметил, что спортивно-массовой и физкультурно-оздоровительной работе нацкомпании уделяет особое внимание.

– Неотъемлемой частью социальной политики КТЖ являются пропаганда и формирование здорового образа жизни работников, – сказал Галымжан Ержанов. – Уверен, что эти соревнования выявят достойнейших. Пусть «золото» достанется тем, у кого не только лучшая спортивная подготовка, но и сильный командный дух и воля к победе!

Открывали программу соревнований лыжные гонки – они проходили в два этапа на базе учебно-тренировочного центра ЦСКА. Команду каждого региона представляли трое мужчин, в том числе

ветеран от 40 лет и старше, и две женщины (в том числе ветеран от 35 лет).

В первый состязательный день мужчинам предстояло преодолеть дистанцию в три километра, а представительницам прекрасного пола – два километра, на следующий день спортсмены бежали по два и одному километру соответственно.

По итогам двух этапов призовые места распределились следующим образом. Среди мужчин «золото» завоевал Алексей Янковский из Кокшетау, на втором месте – Мадет Абикен (Караганда), на третьем – Сергей Шербаков (Кокшетау). Первым среди мужчин-ветеранов стал Талгат Рахимбаев (Кокшетау), «серебро» – у Николая Куяниченко (Караганда), «бронза» – у Нурлана Бегадильева (Семей).

Лучшей лыжницей стала Кристина Ткаченко из Караганды, второе место заняла Зарина Мураханова из Кокшетау, а третья – Нурия Магаева из Уральска.

Среди женщин-ветеранов призовые места заняли представительницы северных регионов – на верхнюю ступень пьедестала почета поднялась Галина Золотухина (Караганда), в шаге от



нее остановилась Татьяна Шендерея (Кокшетау), третья – Мадина Мырзахметова (Павлодар).

Соревнования по мини-футболу на снегу прошли по круговой системе. Команды разделили на две подгруппы – по четыре в каждой. Занявшие в своей подгруппе последнее место боролись за седьмое-восьмое места. Так, футболисты Уральского региона встретились с павлодарцами и обыграли их со счетом 6:0. Еще более разгромными были цифры на табло в стыковом матче с пятое-шестое места – железнодорожники Акмолинского региона одолели соперников из Оскемен-1 со счетом 12:1.

Путевки в полуфинал получили по две команды с каждой подгруппы: Караганда и Костанай – из первой, Семей и Актобе – со второй. Все они сыграли между собой. После чего за «бронзу» сразились команды Костаная и Актобе, первые оказались сильнее. А в финале встретились футболисты Актобе и Караганды. В упорной борьбе

победу вырвали актобинцы. Таким образом, «бронза» по мини-футболу – у Костаная, «серебро» – у Караганды, а «золото» – у Актобе.

В третьем виде программы – лыжной эстафетной гонке – в состав каждой команды вошли по три мужчины и одна женщина. Мужчины бежали один километр, женщины – 500 метров. Лучшими на этом этапе республиканских соревнований стали спортсмены Караганды, на втором месте – Акмолинский регион, на третьем – Семейский.

«Золото» общекомандного зачета на соревнованиях по зимним видам спорта завоевали железнодорожники Акмолинского региона, набравшие 22 очка. Буквально в шаге от них (23 очка) остановились представители Карагандинского региона – у них заслуженное «серебро». Замкнула тройку лидеров команда Семейского региона.

Все победители и призеры получили медали, дипломы, грамоты и памятные подарки.

**Любовь РОВБА**  
Фото автора

## ТАСТАЯҚ ШЕБЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

**Шымкент бөлімшесі кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен «Принц» бильярд клубында аталған спорт түрінен турнир өтті.**



Қазақстан тәуелсіздігі күні мерекесі мен «Қазкөліккәсіп» ҚБ ұйымының 30 жылдығына орай өткізілген спорттық тастаяқ сайысына 15-тен астам теміржолшы қатысып, кіл мықтылар анықталған.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Шымкент филиалының спорттық шараларды ұйымдастырушы-нұсқаушысы Елена Маньшинаның айтуынша,

теміржолшылар арасында саламаттық өмір салтын ұстанып, спортты серік етуді дағдыға айналдырған жандар көп. Соған орай «Қазкөліккәсіп» ҚБ Шымкент филиалы теміржолшылар арасында сан түрлі спорттық шараларды тұрақты түрде

өткізіп келеді. Ал бекзат ойын – бильярд ойнайтындар да аз емес екен және шеберлігі бір-бірінен асып түсіп жатты. Айталық, жол дистанциясы мен белгі беру және байланыс дистанциясы, Шымкент станциясы, Арыс локомотив пайдалану депосының ТД-

16 бөлімі, магистральдық желі дирекциясы мен «Вагон пайдалану депосы» АҚ-ның жұмысшылары арасында тартысты өткен жарыста үш үздік жеңіс тұғырынан көрінді. Олар: Шымкент станциясының операторы Миранбек Мырзақұл пен жол дистанциясының 5-ші разрядты жол шебері Мақсат Жолдасов және ТД-16 мекемесіне қарасты электровоз машинисінің көмекшісі Нұрболат Салходжаев. Барлық жеңімпаздар бағалы сыйлықпен марапатталды.

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
Шымкент  
Суретті түсірген автор

Следующий номер газеты «Қазақстан теміржолшысы» выйдет 10 января 2023 года.



ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық сәлалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.  
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Л. Ровба, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**  
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
**Қараганда:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдайбаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдаң Ертай 8-777-498-31-61  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубайбаев 8-702-843-27-97  
**Шымкент:** Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.

тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.